

Мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін және оларды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 наурызда № 10395 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 116 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 5-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сарсенов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсына және мемлекеттік органдардың интранет-порталына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.Қ. Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Ә. Исекешев*

министрі

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 89 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесі

Р/с №	Ақпараттық ресурстар	Ақпараттық ресурстардың өлшемдері
1	2	3
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба
2	Мемлекеттік орган туралы жалпы ақпарат	1. Почталық мекенжайы 2. Электрондық почтаның мекенжайы 3. Анықтамалық қызметтердің телефондары 4. Өкілеттіктерінің сипаттауы 5. Өкілеттіктерін, міндеттері мен функцияларын анықтау заңдардың, нормативтік актілердің тізбесі 6. Мемлекеттік органның таңбасы (олар бар болған жағдайда) 7. Мемлекеттік органның құрылғаны туралы тарихи анықтамалар
3	Құрылымы	1. Ережелері 2. Құрылымдық бөлімшелердің тізімі 3. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізімі 4. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың почталық мекенжайы, электрондық почтаның мекенжайы, анықтамалық қызметтердің телефондары (көрсетілген ұйымдар бар болған жағдайда) 5. Бірінші басшылар туралы мәліметтері 6. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары туралы мәліметтері 7. Аумақтық органдардың тізбесі (олар бар болған жағдайда) аумақтық органдардың міндеттері мен функциялары, аумақтық органдардың почталық мекенжайы, электрондық почтаның мекенжайы

		мекенжайы, анықтамалық қызмет телефондары, аумаи органдардың басшылары туралы мәліметтер
4	Ақпараттық қолдау	1. Мемлекеттік органның қарамағындағы жал пайдаланымдағы ақпараттық жүйелердің, деректер банк тізілімдердің, тіркелімдердің тізбелері. Азаматтар ұйымдарға ұсынылатын ақпараттық ресурстар мен қызметтердің тізімі 2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жоспарлар іске асыру және ақпараттық жүйелерді әзірлеу туралы ақпарат
5	Статистикалық ақпарат	Органның құзыретіне қатысты бөлігінде саланы дамытп жай-күйі мен серпінін сипаттайтын статистикалық деректер көрсеткіштер
6	Талдамалық ақпарат	Мемлекеттік органның қызметі туралы ақпараттық сипат талдамалық баяндамалар мен шолулар тоқсан сайын, бір р кем емес
7	Мемлекеттік органның норма шығару қызметі	1. Соңғы өзгерістермен мемлекеттік орган қабылда нормативтік құқықтық ак 2. Заңнамалық және заңға тәуелді актілер жобалары мәтіндері
8	Бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттарын беру бойынша жұмыс	1. Мемлекеттік органның рұқсат беру іс-әрекетте лицензиялау, аккредиттеу, тіркеу және басқалары) жүзеге т ә р т і б і 2. Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге с орган қарауға қабылдайтын өтініш құжаттарының ныса 3. Міндетті ведомстволық есеп және мемлекеттік орган бақылау және қадағалау қызметінің нәтижелері туралы а қ п а р а т 4. Қауіптілік деңгейін бағалау, тексеру парақтары нысандары және міндетті ведомстволық есеп өлшем бойынша бірлескен бұйрықтар
9	Мемлекеттік органның қызметі	1. Нысаналы бағдарламалар мен тұжырымдамалар жобалары туралы мәлімет 2. Басшылар мен басшылар орынбасарларының ресми сөй сөздері мен мәлімдемелерінің мәтіндері
10	Конкурстар, тендерлер өткізу	1. Ашық конкурстар, аукциондар, тендерлер, сараптамалағ басқа да іс-шаралар туралы мәліметтер және оларды ө ш а р т т а р ы 2. Оларға заңды және жеке тұлғалардың қатысу тәртібі
		1. Мемлекеттік органның азаматтарды қабылдау және ола өтінішін қарау тәжі

11	Халықпен жұмыс жасау	<p>2. Құзыретіне азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру : азаматтар мен ұйымдардың өтінішін қарауды қамтамасыз жататын бөлімше басшысының немесе өзге лауазы адамның тегі, аты және әкесінің ат</p> <p>3. Мемлекеттік органның қызметі туралы ауызша ныс ақпарат беретін құрылымдық бөлімшелердің атауы, лауазы адамның тегі, аты және әкесінің ат</p> <p>4. Азаматтарды қабылдау және олардың өтініштерін к мәселелері бойынша азаматтарға ақпарат алуға мүмкі беретін байланыс телефондары, азаматтарды қабыл жүргізілетін мекенжай, қабылдау уақыты, сондай-ақ қабыл ж а з ы л у т ә р т і б і</p> <p>5. Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік орга өтініштеріне шолулар, мұндай өтініштерді қарау нәтиж туралы және қабылданған шаралар туралы қорытылған ақ</p> <p>6. Коммуналдық тұрғын-үй қорынан баспанаға не жергілікті атқарушы органмен жеке тұрғын-үй қорынан алынған баспанаға мұқтаждарды есепке алатын бөлек жергілікті атқарушы органд</p> <p>7. Баспанаға мұқтаждар есебінің тізімімен белгіленген ола кезегін көрете отырып, коммуналдық тұрғын-үй қоры баспанаға немесе жергілікті атқарушы органмен жеке тұрғын қорынан жалға алынған баспанаға қол жеткізген адамда тізімі (жергілікті атқарушы органдар үшін)</p>
12	Кадрлық қамтамасыз ету	<p>1. Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру тәртібі, мемлекеттік қызметтің бос лауазымдары туралы мәлім</p> <p>2. Мемлекеттік қызметтің бос лауазымдарына орнала кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптар</p> <p>3. Бос лауазымдарды атқаруға қатысты ақпарат алуға бол телефондардың нөмірі</p>
13	Қоғамдық маңызды өлшемдер	<p>1. «Сұрақ-жауап» сервисінің б</p> <p>2. Жаңалыққа жазылу мүмкіншілігі</p> <p>3. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде не б ө л і м д е р д і ң б с</p> <p>4. Интерактивті сұрақтар</p> <p>5. Жаңалықтар т а с</p> <p>6. Жаңалықтар мұрағаты</p>

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Инвестициялар және даму министрінің

2015 жылғы 30 қаңтардағы

№ 89 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру қағидалары «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылатын электрондық ақпараттық ресурстар, серпінді және статикалық ақпаратты қамтитындар болып бөлінеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) атрибут – HTML тілінің түрлеріне, алаңдарына, әдістеріне, ерекшеліктеріне және басқа да кейбір құрылымына жазылатын қосымша ақпарат;

2) түпнұсқалық – орналастырған ақпараттың барлық мәлімделген тіл нұсқаларындағы сәйкестігі;

3) веб-контент – электрондық ақпараттық ресурстың мәтіндік, мәтіндік емес немесе медиа мазмұны;

4) глоссарий – қандайда бір білім саласында түсіндірме, түсініктеме және мысалдармен берілген тар шеңберде мамандандырылған сөздік;

5) серпінді ақпарат – мемлекеттік органның ағымдағы қызметін көрсететін уақытша сипаттағы ақпарат (перспективалық даму, өзекті оқиғалар, басым бағыттар);

6) интернет-ресурс – ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істеп тұрған электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылым;

7) инфографика – ақпаратты графикалық әдіспен ұсыну, яғни тек көлемді ақпаратты реттей қоймай, сондай-ақ зат пен деректердің байланысын, олардың үрдісін көрсете алатын әдіс;

8) статикалық ақпарат - мемлекеттік органның ішкі және сыртқы қызметін бейнелейтін, тұрақты (анықтамалық) сипатқа ие ақпарат (нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік органның құрылымы, ережесі, бюджеттің игерілуі бойынша ақпарат);

9) тег – интернет-ресурстың веб-бетіндегі мәтіннің көрінісін өзгертетін HTML тілінің элементі;

10) балама мәтін – тек мәтінді көрсететін құрылғыларды пайдаланған кезде мәтіндік емес веб-контенттің мазмұнын және функциясын түсінуге мүмкіндік беретін мәтін;

11) эргономикалық дизайн – алғашқы мәліметтерді дайындау, өндеу және алынған нәтижелерді бағалау бойынша пайдаланушылардың әрекеттерін азайтуға мүмкіндік беретін дизайн стилі;

12) Html (HyperTextMarkupLanguage – «гипермәтінді белгілеу тілі») – бет (бұдан әрі – HTML-бет) – Интернет желіде құжаттарды белгілеудің стандарттық тілі ;

13) Web Content Accessibility Guidelines (бұдан әрі - WCAG.2.0) – әртүрлі пайдаланушылардың барынша қалың тобы үшін, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді веб-контентті құрудың қазіргі заманғы ережелері мен қағидаттарын сипаттайтын веб-контентке қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқалық.

2. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру тәртібі

1. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері электрондық ақпараттық ресурстарды дайындайды және оларды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастыруға аппарат басшысымен, жауапты хатшымен, жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған лауазымды тұлғамен және вице-министрмен келіседі.

2. Келісілгеннен кейін электрондық ақпараттық ресурстар оларды мемлекеттік органның интернет-ресурсына орналастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

3. Серпінді ақпарат күн сайын жаңартылады.

4. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарындағы статикалық ақпарат қажеттілігіне қарай жаңартылады.

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылатын электрондық ақпараттық ресурстар мынадай түрде беріледі:

1) Word, Excel, HTML, PPT, PPTX, PDF6 ePub және басқа мәтіндік форматтарда ;

2) JPG, GIF және басқа форматтардағы графиктік файлдар.

5. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру WCAG.2.0 сәйкес жүргізіледі:

1) безендіру мақсатында пайдаланылатын мәтіндік емес веб-контенттен басқа мәтіндік емес және медиа веб-контенттер баламалы мәтінмен сүйемелденіп, бағдарламалық кодта тиісті атрибуттармен белгіленуі тиіс;

2) веб-бетте бейнеленген, мағынасы оның түсіне байланысты болатын мәтіндік емес және мәтіндік веб-контент мағыналық жүктемесі дәл сондай

баламалы мәтінді қамтуы тиіс;

3) нысанында, мөлшерінде және орналасуында мағыналық жүктесі бар веб-контент элементтері тиісті мәтіндік анықтамамен сүйемелденуі тиіс;

4) медиа веб-контент титрлермен немесе транскрипттермен сүйемелденуі тиіс ;

5) егер веб-контентті оқудың дұрыс дәйектілігі оның мағынасын анықтаса, онда ол бағдарламалы түрде анықталуы тиіс;

6) үш секундтан аса автоматты түрде ойналатын аудио веб-контент үшін тоқтау, үзіліс немесе дыбысты ажырату механизмдерін беру қажет;

7) интернет-ресурста орналастырылған веб-контент пернетақта арқылы б а с қ а р ы л у ы т и і с ;

8) уақыт бойынша шектелетін бет немесе қосымша тоқтататын, икемдейтін немесе шектеу мерзімін ұзартатын механизмді қамтуы тиіс;

9) секундына үш реттен астам жарқылдауды қамтитын, автоматы түрде қозғалатын, жыпылықтайтын, айналатын веб-контентті құру ұсынылмайды, ол қолданылған жағдайда осы веб-контентті тоқтату жөніндегі механизмді ұсыну қ а ж е т ;

10) үлкен көлемді графикалық элементтері немесе навигациялық сілтемелері бар веб-бетте көрнекі бөлігінде веб-контенттің негізгі бөлігіне өту үшін сілтеме ж а с а у қ а ж е т ;

11) әрбір веб-беттебеттің мақсаты мен тақырыбын сипаттайтын, тиісті тегте көрсетілетін ақпаратты тақырып болуы тиіс;

12) сілтеменің мақсаты сілтеменің өз мәтінінен не сілтеме мәтіні мен оның бағдарламалы анықталған контекстінен түсінікті болуы тиіс;

13) веб-бетте негізгі қолданылатын тіл тиісті атрибуттың көмегімен бағдарламалық кодта анықталуы тиіс;

14) пайдаланушының ақпаратты енгізген кезіндегі анықталған кез келген қате мәтіндік хабарлама түрінде ұсынылуы қажет.

6. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік құпияларды құрайтын, жариялануы шектеулі электрондық ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ басылымдық жариялануы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-тармағы 2-бабына сәйкес тыйым салынған өзге де мәліметтерді орналастыруға р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

7. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында электрондық ақпаратты орналастырған кезде барлық тілдік нұсқаларда түпнұсқалық сақталады.

8. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында пайдаланушыға бағытталған эргономикалық дизайн пайдаланылады:

1) өзге тілдік нұсқаларға ауысқан жағдайда интернет-ресурстың ағымдағы

- 2) интернет-ресурстың дизайнында айналма үшеуден аспауы тиіс;
- 3) мәтіндік материалдар басты сөздермен (тег) сүйемелденуі және аталған тақырып бойынша ұқсас мәліметтерге сілтеме жасалуы тиіс;
- 4) аса маңызды ақпарат: көрсетіліп жатқан қызмет тізбесі, заңнамадағы (жаңа таспада), байланыс ақпараттағы және тағы басқалардағы өзгерістер соған ұқсастар мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсының басты бетінде орналастыруы тиіс.

3. Ақпараттық қамтамасыз ету

1. Мемлекеттік органның интернет-ресурстарының ақпараттық көздері:
 - тиісті мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері;
 - тиісті мемлекеттік органның ведомстволары;
 - тиісті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері;
 - тиісті мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдары;басқа ұйымдар берген мәліметтерден құралады.